


**2022 жылдың шілде айындағы іскерлік белсенділік туралы**  
**ҚР ҰБ ақша-кредит саясаты департаментінің директоры**  
**Рүстем Оразалиннің**  
**түсіндірмесі**

Бірқатар салада жаңа тапсырыстардың төмен деңгейі, сондай-ақ шикізат пен материалдарды жеткізу мерзімінің ұзақ болуы белсенділік көрсеткішіне теріс әсер етіп, оның индексі 48,0 (маусымда – 48,9) болды. Қызмет көрсету секторында индекстің мәні 48,6 болып, іс жүзінде өзгерген жоқ, ал қалған секторларда индекстің төмендегені байқалды: өндірісте – 48,5, тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 46,2, құрылыста – 47,0.



2022 жылғы шілдеде кәсіпорындардың **қазіргі** бизнес-жағдайларын бағалауы (-) **6,3**-ке дейін (маусымда – 4,0) нашарлады. Жауаптардың теңгерімі жағымсыз өзгерістерді атап өткен респонденттердің ұлғаюы есебінен теріс болып шықты.

Кәсіпорындардың алдағы 6 айдағы **болашақ** бизнес-жағдайларын бағалауы да төмендеп, **18,0** (маусымда – 23,9) болды. Сөйтіп, **қазіргі және болашақ** бизнес-жағдайларды орташа бағалауды білдіретін **бизнес ахуалы индексі 5,4-ке** (маусымда – 13,6) төмендеді. Осылайша бизнес-циклдің «сағат» индикаторы шілдеде өсу аймағынан көтерілу аймағына өтті.

2022 жылғы шілдеде бизнес-жағдай факторларын бағалау арасында сұраныс жағынан ілгерілеушілік бар. Сұраныс бойынша жауаптар теңгерімі 4,3 (маусымда – 1,8) болды. Секторлар бөлігінде респонденттердің бағалауы бойынша оң жауаптар басым болған өндірісте, құрылыста және қызмет көрсетуде сұраныс қалпына келе бастады.

**Толығырақ:** <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>